

Дәріс № 12. Экологиялық стандарттау

Дәрісте игерілетін пәннің оқыту нәтижелері:

ПОН 8- Экологиялық мониторинг әдістерін біледі және орындайды;

ПОН 9- Биоиндикацияны қолданудың негізгі принциптері мен түрлері, Сынамаларды іріктеу әдістемелерін көрсетеді;

ПОН 11- Экологиялық стандарттаудың нормативтік-құқықтық тұрғыда талдау жасап, Экологиялық кодекске, мемлекеттік стандарттар мен дүниежүзілік метеорологиялық ұйымдарға анықтама бере алады

Дәріс жоспары:

1.Экологиялық стандарттау

2.Республикалық экологиялық стандарттар

Дәріс мақсаты: Экологиялық стандарттауды түсіндіру

Дәріс мәтіні:

1. Экологиялық стандарттау

Экологиялық стандарттар - бұл объектілердің сандық және сапалық көрсеткіштері және ол заңды мәні бар және табиғи ресурстарды сақтау және жекелеген түрлерін пайдаланудың құқықтық режимін мен пайдалану салаларынан басқа табиғатты қорғау қызметінің ережелерін белгілейді.

Стандарттар табиғи объектерді тиімді пайдалануға қатысты және қызмет барысында табиғат пен қоғамға жағымсыз әсерді азайтатын техникалық параметрлерді қамтамасыз ететін талаптарды заңды түрде бекітеді.

Экологиялық стандарттар арасында өнім сапасы стандарттары кең тараған.

Осыларға орай экологиялық стандарттардың негізгі міндеттері төмендегілер жатады:

- табиғи кешендердің сақталуын қамтамасыз ету;
- табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қалпына келтіруге ықпал жасау;
- қоршаған ортаның тұрақтылығы мен өндірістің дамуының арасындағы тепе-теңділікті сақтауға ықпал жасау;
- адамзаттың қажеттілігіне байланысты қоршаған табиғи орта сапасын басқаруды жетілдіру.

Соңғы уақытта экологиялық ахуалдар, қоршаған ортаны қорғау проблемалары өте маңызды мәселеге айналып отыр. Экологиялық проблемалар әлемдік қауымдастықтар үшін де негізгі орынды иеленуде, оның бір бөлігі Киота хаттамасын дайындауда келтірілген, яғни барлық қол қойған елдер өндірістік газдардың шығуын 8%-ға төмендетуді жоспарлауды көздеп отыр. Көптеген елдердің заңдарында атмосфераға электромагниттік сәулелердің, шулардың, газдардың шығу деңгейі қатаң шектеледі.

Бұлардың барлығы стандарттау саласында байқалуда, әсіресе олардың көп бөлігі экология мен табиғатты қорғауға арналған.

Тек Еуропа елдерінде экология саласында 90-нан аса директива қабылданған. Бұл директивалардың бағыттары төмендегідей:

Еуропалық Одақтың (ЕО) басты саясаты бойынша-өнеркәсіптерде ластануды бақылау құндылығын бағалау әдістері, табиғатқа тиетін өнеркәсіптік жобалардың әсерін бағалау.

Су бойынша - өзендерді, теңіздерді, көлдерді және басқа су ұңғымаларын ластанудан қорғау, ауызсу сапасы және өндіріс қалдықтарын су ұңғымаларына тастау мәселелері, су флоралары мен фауналарын қорғау бойынша іс-шаралар.

Ауа мен өндірістік тәуекелділіктерде - кейбір заттардың қолданылуын шектеу, ауа бассейнінің тазалығын қорғау, ауадағы зиянды заттардың нормаларын анықтау

Өндіріс қалдықтары бойынша қолданылған суларды таза-лау, қоқыстарды жою, қауіпті заттарды тасымалдау және оларды сақтау.

Шу бойынша тұрмыстық құралдардың, транспорт құрыл-ғыларының, өндірістік қондырғылардың шу деңгейін қалыпқа келтіру.

ЕО-да бұйымның (қызметтің) экологиялық қауіпсіздігінің белгісі енгізілген. Ол тұтынушыны бұйымның экологиялық қауіпсіздігі туралы ақпараттандырады. Белгі қолдануға қауіпсіз, бірақ рұқсат етілген дозадағы қауіпті заттар болуы мүмкін дәрілерге, сусындарға және азық-түлік тағамдарына қойылмайды.

Экологиялық стандарттауда маңызды орынды ИСО алады. 1993 жылы оның құрылымында «Экологиялық басқару» техникалық комитеті құрылды.

Оның жұмысының нәтижесінде қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптардан тұратын ИСО 14000 сериялы халықаралық стандарттар қабылданды.

Соңғы нұсқадағы негізге алынатын стандарттар ИСО 14001:2004 «Қоршаған ортаны басқару жүйесі. Қолданылуы бойынша талаптар және нұсқаулар» және ИСО 14004:2004 стандарты «Қоршаған ортаны басқару жүйесі. Пайдалануды қамтамасыз ететін қағидалар, жүйелер және құрылғылар бойынша жалпы жетекшілік нұсқаулар». Экологиялық басқару жүйесі қоршаған орта жағдайының үзіліссіз жақсаруын қарастырады. Экологиялық басқару жүйесін енгізу бірнеше кезеңдерден тұрады:

- Ұжымдар саясатын құру-қоршаған орта жағдайының жалпы көрсеткіштеріне қатысты қызметтерінің қағидалары мен бағыттары туралы өтініш білдіру. Қағидалар қоршаған ортаны қорғау саласында ұжымдардың әрекеттері және анықталған тап-сырмалары мен мақсаттарын жүзеге асыру үшін анықталған шекті қарастыруы тиіс. Өтінішке, қажетті қағидалар мен бағыттар, кол-лективтік міндеттемелер, қызығушылық танытқан жақтарға бай-ланысты жан-жақты жақсару, мониторинг, құжаттандыру мен бір-лесушілік қырлары кіреді. Экологиялық бағыттағы саясат айқын (ашық) болуы тиіс. Қағидалар мен мақсаттар орнықтырылған өтініш фирманың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және қоғамға таныстыру мақсатында ашық түрде басылымға шығарылады. Бұл кезең «Біз қай жаққа жеткіміз келеді?» деген сұрақпен бейнеле-неді. Мұнда ұмтылуға қажет мақсаттар мен нәтижелер нақты көрсетілуі керек.

- Белгіленген нәтижелер мен қойылған мақсаттарға жетуді қамтамасыз ететін нақтыланған іс-шаралар жоспары дайындала-ды. Бұл бағытта өндірістің жоғарғы экологиялық қауіпсіздікке қол жеткізуі үшін, бірлестіктің барлық қызметтерін регламенттейтін қажетті құжаттамалар қоры құрылады.

Бірлестік экологиялық басқару жүйесін функцияландырудың басына жақындай түсе, жүйе жұмысының реті мен барлық қызметтердің жұмысын реттеу бойынша және олардың жаңа шарттарда тиімді де тұрақты жұмыстарға қол жеткізуі үшін іс-шаралар жүргізу қажет.

Экологиялық басқару ісінің жағдайына, оның қабылданған бағдарламаға сәйкестілігіне дүркін-дүркін бағалау жүргізіледі, ауытқулар болған жағдайда түзетулер енгізіледі.

Бірлестік жұмыстарының қазіргі күнгі талаптарға сәйкес келіп, жаңа заманға сай деңгейде болуын қамтамасыз ету үшін басқару саясатын, мақсаттары мен шешетін мәселелерін ылғи тал-дап отыру керек.

Экологиялық стандарттау экологиялық сертификаттаумен тығыз байланысты.

Өнімді, жұмысты және қызметті экологиялық сертификаттаудың мақсатына халықтың өмірі, денсаулығы мен заттарын және қоршаған орта жағдайының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жатады.

Экологиялық сертификаттау – бұл сертификаттау объектісінің оған қойылатын талаптармен сәйкестігін үшінші жақпен растау.

Өнімнің, жұмыстың және қызметтің экологиялық талаптарға сәйкестігі оған берілген сертификаттармен дәлелденеді. Сондықтан экологиялық сәйкестік сертификаты құқықтық құжат болып саналады және ол табиғатты қорғауды қамтамасыз ететін екінші реттік ресурсты пайдалану мен қалдықсыз және аз қалдықты технологияларды ендіруде кредит, сақтандыру мен басқа да жеңілдіктер беруді қамтамасыздандырады.

2.Республикалық экологиялық стандарттар

Стандарт – бұл орындау үшін міндетті талаптар, ережелер және нормалар кешенді декітетін нормативтік-техникалық құжат. Табиғатты қорғау қызметінің бас стандарты 1977

жылы ендірілген Мем СТ 17.0.0.01-76 «табиғатты қорғау және табиғи ресурстарды пайдалануды жақсарту саласындағы стандарттау жүйесі».

Табиғатты қорғау саласындағы мьандарттау жүйесі келесі топтарды құрайды:

- 0 – негізгі ережелер;
- 1 – гидросфера;
- 2 – атмосфера;
- 3 – топырақ;
- 4 – жер;
- 5 – флора;
- 6 – фауна;
- 7 – жер қойнауы.

Қызмет ету бағыты бойынша табиғатты қорғау жүйесінің мемлекеттік стандарттары келесі түрге бөлінеді:

- 1 – терминдер, жіктеу және анықтау;
- 2 –атмосфераға және ашық су ресурстары мен жер асты суларына тасталатын ластанған зиянды заттарды өлшеу әдістері мен нормалары және табиғи ресурстарды пайдаланудың қарқындылығы;
- 3 – табиғатты қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану ережелері;
- 4 – табиғи объектілердің жағдайларының параметрлерін мен экономикалық әсері қарқындылығын анықтау әдістері;
- 5 – 6 – қоршаған ортаны қорғау мен бақылау құралдарына талаптар;
- 7 – басқа да стандарттар.

Табиғатты қорғау жүйесінің стандартының толық белгіленуіне индекс (Мем СТ), жүйе номері (17), стандарт номері және басылған жылы кіреді.

Мысалы, комбайн және трактор қозғалытқышынан шыққан зиянды тасталымды өлшеу және нормалау әдістері бар екендігін анықтау керек болса, онда MEM СТ 17.2.2.05-86 стандартына көңіл аударуымыз керек.

Бұл мысалда 17 – жүйе номерін, 2 – топ номерін,атмосфера, 2 – стандарт түрі, өлшеу әдістері мен нормалар, 05 – стандарт номері және басылған жылы.

Экологиялық стандарттау саласының ең маңыздыбірі халықаралық табиғатты пайдалану бастамаларының бірі халықаралық стандарттар сериясы ISO 14000 жатады. Бұл стандарттың негізінен экологиялық менеджментті қарастырады, яғни кәсіпорынды, компанияны тиімді басқару жүйесін.

ISO 14000 халықаралық стандарттардың қабылдануының негізінде ҚР Мем СТ ИСО 14001-98 «Қоршаған ортаны басқару жүйесі. Пайдалануға арналған талаптар мен басшылық», ҚР Мем СТ ИСО 14040-98 «Қоршаған ортаны басқару жүйесі. Жалпы нұсқаулар» және т.б.

Экологиялық сертификаттау – бұл дайындаушы мен тұтынушыға тіуелді емес ұйымның өнімнің, жұмыстың немесе қызметтің экологиялық талаптар мен нормативті-құқықтық құжаттарға сай келетіндігін жазбаша түрде процедурасы.

Экологиялық сертификаттаудың құқықтық негізі ҚР техникалық реттеу заңы болып табылады.

Сертификаттау арқылы адамға және қоршаған ортаға өнімнің, жұмыстың, қызметтің қауіпсізлігін бақылау жатады және олтұтынушыны экологиялық лас материалдардан, қорғайды, елімізге экологиялық қауіпті өнімдердің, технологиялардың және с.с. кіруіне тосқауыл болады. Өнімнің белгіленген талапқа сәйкестігін құжатты түрде куәлендіретін құжат экологиялық сертификат сәйкестігі болып саналады.

Өндіріс орындарындағы қоршаған орта сапасын басқару саласының стандартына ҚР Мем СТ ИСО 14000 жатады.

Оқыту әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ-жауап, түсіндіру, шолу лекция

Деңгейлік тапсырмалар:

1.Экологиялық стандарттауды айтыңыз.

2. Республикалық экологиялық стандарттарды айтып беріңіз.

БӨЖ және ОББӨЖ тапсырмалары: Метрология жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдары және стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Мендебаев, Т. М. Стандарттау, метрология және сертификаттау. Алматы. Дәуір, 2011. - 368 с. - ISBN 978-601-217-198-3
2. А.И. Аристов, Т.М. Раковщик. Основы метрологии, стандартизации и сертификации: учебное пособие /. – М., МАДИ 2013. –200 с.

3. Ж.Ж. Есенкұлова, Ж.Ж. Аканова, А.М. Касенова. Стандарттау, сертификаттау және метрология негіздері: Оқу құралы / Алматы: Экономика, 2014.-284 б.
4. Н.П. Пикула, А.А. Бакибаев, О.А. Замараева, Е.В. Михеева, Н.Н. Чернышова. Метрология, стандартизация и сертификация: учебное пособие. Национальный исследовательский Томский политехнический университет. – Томск: Изд-во Томского политехнического университета, 2010. – 185 с.
5. В.В.Сергеев, В.В.Терегеря. Метрология, стандартизация, сертификация : Учебник, - М., Изд. Юрайт, 2011, 820с.